

**Ашық бюджеттердің интернет-порталында ақпаратты орналастыру және бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын (бюджеттік бағдарламалар паспорттарын іске асыру туралы есептерді) жария талқылау қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің м.а. 2025 жылғы 18 сәуірдегі № 176-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 22 сәуірде № 36007 болып тіркелді.

"Ақпаратқа қол жеткізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-2-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес қоса беріліп отырған Ашық бюджеттердің интернет-порталында ақпаратты орналастыру және бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын (бюджеттік бағдарламалар паспорттарын іске асыру туралы есептерді) жария талқылау қағидалары бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес кейбір бұйрықтардың күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мемлекет пен қоғам коммуникацияларын дамыту департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және ақпарат  
министрінің міндетін атқарушы

К. Искаков

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Әділет министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Бас прокуратурасы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Бәсекелестікті қорғау және  
дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ғылым және жоғарғы білім министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Еңбек және халықты әлеуметтік  
қорғау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Жоғарғы аудиторлық палатасы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Көлік министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Қаржылық мониторинг агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Қорғаныс министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік қызмет істері агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Оқу-ағарту министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Сауда және интеграция министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Стратегиялық жоспарлау және  
реформалар агенттігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Су ресурстары және ирригация министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы  
іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас  
жемқорлыққа қарсы қызмет)  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Сыртқы істер министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Төтенше жағдайлар министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Туризм және спорт министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Цифрлық даму, инновациялар және  
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ішкі істер министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Экология және табиғи ресурстар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және ақпарат  
министрінің міндетін атқарушы  
2025 жылғы 18 сәуірдегі  
№ 176-НҚ Бұйрыққа  
1-қосымша

**Ашық бюджеттердің интернет-порталында ақпаратты орналастыру және бюджеттік бағдарламалар паспорттарын (бюджеттік бағдарламалар паспорттарын іске асыру туралы есептерді) жария талқылау қағидалары**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы ашық бюджеттердің интернет-порталында ақпаратты орналастыру және бюджеттік бағдарламалар паспорттарын (бюджеттік бағдарламалар паспорттарын іске асыру туралы есептерді) жария талқылау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Ақпаратқа қол жеткізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 6-2-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес әзірленді және ақпаратты орналастыру тәртібін және ашық бюджеттердің интернет-порталында бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын (бюджеттік бағдарламалар паспорттарын іске асырылуы туралы есептерді) жария талқылау.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар мен қысқартулар пайдаланылады:

1) ақпарат пайдаланушы – ақпаратты сұрататын және (немесе) пайдаланатын жеке немесе заңды тұлға;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

2) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Мәдениет және ақпарат министрінің 16.04.2026 № 186-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2) ашық бюджеттер интернет-порталының автоматтандырылған жұмыс орны (бұдан әрі – АЖО) – "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым операторы ұсынатын, ашық бюджеттер интернет-порталында орналастырылатын баптаулар және контентті басқаруға арналған қосымша;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

3) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Мәдениет және ақпарат министрінің 16.04.2026 № 186-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3) ашық бюджеттердің интернет-порталы (бұдан әрі – Портал) – бюджеттік есептілікті, шоғырландырылған қаржылық есептілікті, азаматтық бюджетті, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау нәтижелерін және Қазақстан

Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес жариялануға жататын өзге де материалдарды, ақпарат пен құжаттарды орналастыруды, сондай-ақ бюджеттік бағдарламалар мен есептерді жария талқылауды қамтамасыз ететін ақпараттандыру объектісі бюджеттік бағдарламаларды іске асыру туралы;

4) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган – бюджетті атқару, республикалық бюджеттің және өз құзыреті шегінде жергілікті бюджеттердің, бюджеттен тыс қорлардың атқарылуы бойынша бухгалтерлік есепке алуды, бюджеттік есепке алу мен бюджеттік есептілікті жүргізу саласында басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

5) бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі – бюджеттік бағдарламаларды жоспарлауға, негіздеуге, іске асыруға және олардың нәтижелеріне қол жеткізуге жауапты, өзіне Қазақстан Республикасының заңнамасында жүктелген функцияларға, өкілеттіктер мен құзыреттерге сәйкес айқындалатын мемлекеттік орган;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

б) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Мәдениет және ақпарат министрінің 16.04.2026 № 186-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

б) "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторы (бұдан әрі – Оператор) – өзіне бекітіп берілген "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының жұмыс істеуін қамтамасыз ету жүктелген, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлға;

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

7) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Мәдениет және ақпарат министрінің 16.04.2026 № 186-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7) "электрондық үкіметтің" веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе.

## **2-тарау. Ақпаратты ашық бюджеттердің интернет-порталында орналастыру тәртібі**

3. Порталда Заңның 8 – бабының 1) тармақшасында көрсетілген ақпарат иелері бюджеттік есептілікті, шоғырландырылған қаржылық есептілікті, азаматтық бюджетті, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау нәтижелерін, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне (бұдан әрі - Кодекс) сәйкес жариялануға жататын материалдарды, ақпарат пен құжаттарды орналастырады, сондай-ақ бюджеттік есептілік паспорттарын

жария талқылауды жүргізеді бюджеттік бағдарламалардың қазақ және орыс тілдерінде іске асырылуы туралы бағдарламалар мен есептер.

Бюджеттік есептілікті жариялау және талқылау Кодекстің 40-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Кодекстің 40-бабының 7-тармағына сәйкес бюджеттік есептілікті жариялауды қамтамасыз етеді.

5. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Порталда ағымдағы қаржы жылының 5 шілдесінен кешіктірмей Кодекстің 133-бабында көрсетілген шоғырландырылған қаржылық есептілікті орналастырады.

6. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері азаматтық бюджетті Кодекстің 39-бабының 3-тармағына сәйкес бюджеттік жоспарлау және бюджеттерді атқару сатыларында азаматтық бюджетті жасау және ұсыну қағидаларына сәйкес айқындалған тәртіппен порталда орналастырады.

7. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері порталда мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарынан алғаннан кейін он бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау нәтижелері туралы ақпаратты орналастырады.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**8-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Мәдениет және ақпарат министрінің 16.04.2026 № 186-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

8. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Оператор ұсынған АЖО арқылы орналастырады немесе бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның ақпараттық жүйелері арқылы Порталға бюджеттік есептілікті береді.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері порталда ақпаратты орналастыруды (ақпаратты Ақпараттық жүйелер арқылы порталға беруді) және АЖО-мен жұмысты жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелер мен қызметкерлерді дербес айқындайды.

**3-тарау. Ашық бюджеттердің интернет-порталында бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын (бюджеттік бағдарламалар паспорттарын іске асырылуы туралы есептерді) жария талқылау тәртібі**

9. Бюджеттік бағдарламалардың паспорттары Порталда оларды бюджеттік бағдарламалар әкімшілері Порталда орналастырған күннен бастап оларды бюджеттік бағдарламалар әкімшілері жанындағы қоғамдық кеңестердің отырыстарына ұсынғанға дейін (олар болған кезде) кемінде 10 жұмыс күні жария талқылау үшін порталда орналастырылады.

Жария талқылау үшін бюджеттік бағдарламалар паспорттарының Порталда болу мерзімі оларды Порталда орналастырған күннен бастап кемінде он жұмыс күнін құрайды.

10. Өткен қаржы жылы үшін бюджеттік бағдарламалар паспорттарының іске асырылуы туралы есептерді бюджеттік бағдарламалар әкімшілері оларды бюджеттік бағдарламалар әкімшілері жанындағы қоғамдық кеңестердің отырыстарына ұсынғанға дейін (олар болған кезде), бірақ есепті жылдан кейінгі жылдың 1 сәуірінен кешіктірмей жария талқылау үшін Порталда орналастырады.

Өткен қаржы жылындағы бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын іске асыру туралы есептерге бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру фактілерін растайтын материалдар қосымша орналастырылады.

Жария талқылау үшін өткен қаржы жылы үшін бюджеттік бағдарламалар паспорттарының іске асырылуы туралы есептердің Порталда болу мерзімі оларды Порталда орналастырған күннен бастап кемінде он жұмыс күнін құрайды.

11. Порталда бюджеттік бағдарламалардың паспорттары және бюджеттік бағдарламалар паспорттарын іске асыру туралы есептерді орналастырған кезде ақпаратты пайдаланушыларға бюджеттік бағдарламалар паспорттарына және бюджеттік бағдарламалар паспорттарының іске асыру туралы есептерді "жақтап" және "қарсы" дауыс беруге мүмкіндік беріледі.

12. Порталда бюджеттік бағдарламалар паспорттары мен бюджеттік бағдарламалар паспорттарының іске асыру туралы есептер орналастырылған күні бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ресми және (немесе) жалпыға қолжетімді интернет-ресурстарда бюджеттік бағдарламалар паспорттарын және бюджеттік бағдарламалар паспорттарды іске асыру туралы есептерді жария талқылауларды өткізу мерзімдері туралы халықты хабардар етуге бағытталған баспасөз релизін орналастырады.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**13-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Мәдениет және ақпарат министрінің 16.04.2026 № 186-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

13. Жария талқылау үшін орналастырылған бюджеттік бағдарламалардың паспорттарына және өткен қаржы жылындағы бюджеттік бағдарламалар паспорттарының іске асыру туралы есептерге "электрондық үкімет" веб-порталында тіркелген ақпаратты пайдаланушылардан ұсыныстар қабылданады.

Ақпаратты пайдаланушылардың бюджеттік бағдарламалардың паспорттарына және өткен қаржы жылы үшін бюджеттік бағдарламалар паспорттарының іске асырылуы туралы есептерге ұсыныстарын жіберуі үшін электрондық цифрлық қолтаңбамен (ЭЦҚ) куәландыру арқылы Порталда авторландыру қажет.

14. Ақпаратты пайдаланушының ұсынысында мыңнан аспайтын таңба көрсетіледі. Бюджеттік бағдарламалар паспорттарының және өткен қаржы жылындағы бюджеттік бағдарламалар паспорттарды іске асыру туралы есептердің таңдалған құрылымдық бөлігіне ұсыныстар жіберілген кезде бейәдеп лексика, тіл тигізетін сөздер пайдаланылмайды және таңдап алынған бюджеттік бағдарлама паспорттарына немесе өткен қаржы жылындағы бюджеттік бағдарламаны іске асыру туралы есепке жатпайтын жарнама, спам және ақпарат орналастырылмайды.

15. Оператор екі жұмыс күні ішінде ақпаратты пайдаланушылардың ұсыныстарының осы Қағидалардың 14-тармағына сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады және қабылданған шешімді негіздей отырып, оларды Порталда жариялау не жариялаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

16. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ақпаратты пайдаланушылардың Оператор мақұлданған ұсыныстарын орналасытырылған бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын және бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын іске асыру туралы есептерді жария талқылау мерзімі ішінде қарайды және негіздемелерін көрсете отырып, оларды қабылдау не қабылдамау туралы шешімдер қабылдайды.

17. Бюджеттік бағдарламалар паспорттарын және бюджеттік бағдарламалар паспорттарын іске асыру туралы есептерді жария талқылау мерзімі өткеннен кейін Порталда орналастырылған құжаттарды жария талқылау нәтижелері бойынша есеп автоматты түрде қалыптастырылады, ол одан әрі жұмыста пайдалану үшін бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне жіберіледі.

Бюджеттік бағдарлама паспорттарын жария талқылаудың аяқталғаны туралы есепті және өткен қаржы жылындағы бюджеттік бағдарлама паспортын іске асыру туралы есепті жария талқылаудың аяқталғаны туралы есеп осы Қағидаларға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша жасалады.

Ашық бюджеттердің интернет-порталында ақпаратты орналастыру және бюджеттік бағдарламалар паспорттарын (бюджеттік бағдарламалар паспорттарын іске асыру туралы есептерді) жария талқылау қағидаларына  
1-қосымша  
Нысан

**Бюджеттік бағдарлама паспорттың жария талқылаудың аяқталуы туралы есеп " \_\_\_\_\_"  
\_\_\_\_\_ " (құжаттың атауы)**

Бірегей нөмір:

Бюджеттік бағдарлама паспорттың орналастыру күні:

Бюджеттік бағдарлама паспорттың талқылауды аяқтау күні:

Есепті қалыптастыру күні:

Паспортты "жақтады" деген дауыстың барлығы:

Паспортты "қарсы" деген дауыстың барлығы:

Барлық ұсыныстар:

"Жақтады" деген дауыстың барлығы (ұсыныстар):

"Қарсы" деген дауыстың барлығы (ұсыныстар):

Бюджет түрі:

Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды және атауы:

Қамтылатын кезең:

Бюджеттік бағдарламаның басшы:

№ р/с	Орналастыру күні	Құжаттың құрылымдық бөлігі	Порталды пайдаланушының ұсынысының мәтіні	Мемлекеттік орган жауабы-ның мәтіні	Ұсынысты "жақтады" деген дауыс саны	Ұсыныс-қа "қарсы" деген дауыс саны
1	2	3	4	5	6	7

Ашық бюджеттердің интернет-порталында ақпаратты орналастыру және бюджеттік бағдарламалар паспорттарын (бюджеттік бағдарламалар паспорттарын іске асыру туралы есептерді) жария талқылау қағидаларына  
2-қосымша  
Нысан

**Өткен қаржы жылындағы бюджеттік бағдарлама паспорттының іске асыру туралы есепті жария талқылаудың аяқталуы туралы есеп " \_\_\_\_\_ " (құжаттың атауы)**

Бірегей нөмір:

Бюджеттік бағдарлама паспорттының іске асыру туралы есептің орналастыру күні:

Бюджеттік бағдарлама паспорттының іске асыру туралы есептің талқылауды аяқтау күні:

Есепті қалыптастыру күні:

Паспортты "жақтады" деген дауыстың барлығы:

Паспортты "қарсы" деген дауыстың барлығы:

Барлық ұсыныстар:

"Жақтады" деген дауыстың барлығы (ұсыныстар):

"Қарсы" деген дауыстың барлығы (ұсыныстар):

Бюджет түрі:

Бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды және атауы:

Қамтылатын кезең:

## Бюджеттік бағдарламаның басшы:

№ р/с	Орналастыру күні	Құжаттың құрылымдық бөлігі	Порталды пайдаланушының ұсынысының мәтіні	Мемлекеттік орган жауабының мәтіні	Ұсынысты "жақтады" деген дауыс саны	Ұсынысқа "қарсы" деген дауыс саны
1	2	3	4	5	6	7

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және ақпарат  
министрінің міндетін атқарушы  
2025 жылғы 18 сәуірдегі  
№ 176-НҚ Бұйрыққа  
2-қосымша

### Күші жойылған кейбір бұйрықтардың тізбесі

1. "Ашық бюджеттердің интернет-порталында ақпаратты орналастыру және бюджеттік бағдарламалардың жобаларын (бюджеттік бағдармаларды іске асыру туралы есептерді) жария талқылау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 149 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22682 болып тіркелген).

2. "Ашық бюджеттердің интернет-порталында ақпаратты орналастыру және бюджеттік бағдарламалардың жобаларын (бюджеттік бағдармаларды іске асыру туралы есептерді) жария талқылау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 149 бұйрығына өзгірістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2021 жылғы 2 желтоқсандағы № 388 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 25722 болып тіркелген).

3. "Ашық бюджеттердің интернет-порталында ақпаратты орналастыру және бюджеттік бағдарламалардың жобаларын (бюджеттік бағдарламаларды іске асыру туралы есептерді) жария талқылау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 149 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2022 жылғы 15 қыркүйектегі № 393 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29706 болып тіркелген).

4. "Кейбір бұйрықтарға өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2024 жылғы 3 маусымдағы № 221-НҚ бұйрықтың 1 тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34467 болып тіркелген).

5. "Ашық бюджеттердің интернет-порталында ақпаратты орналастыру және бюджеттік бағдарламалардың жобаларын (бюджеттік бағдармаларды іске асыру туралы

есептерді) жария талқылау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 149 бұйрығына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің міндетін атқарушы 2024 жылғы 17 қыркүйектегі № 429-НҚ бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35087 болып тіркелген).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрілігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК